



# МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ ХАТУ-ДА ТЕГІН КӨЗ ДИАГНОСТИКАСЫ ӨТТІ.....	2-3
ПІКІРТАЛАСТАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ.....	4-5
UNION ТӘТТІ ЖӘРМЕҢКЕСІ.....	6-7
АНТЕЙКУ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚ МЕКЕНІ.....	8-9
ХАТУДАҒЫ ӘУЕН ЖӘНЕ ЭКО КОД ҰЙЫМДАРЫ.....	10-11
“БІЗБЕН БІРГЕ ТАУҒА ШЫҚ!” .....	12-13
ITU STUDENT DEBATE CUP I.....	14-15
1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА СПОРТТЫҚ ЭСТАФЕТА ӨТТІ.....	16-17
АНТЕЙКУ КЛУБЫНА ІРІКТЕУ.....	18-19
«TECH FOR KAZAKHSTAN» ХАТУ СТУДЕНТТЕРІ ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРМЕН ТАНЫСТЫ.....	20-21
КҮЗГІ СЕНБІЛІК – БІРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КӨРІСІ.....	22-23
ҰЛТТЫҚ ҚОР - ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ.....	24-25
“LEVEL UP: GLOBAL EDUCATION” .....	26-27
ШАХМАТ ТУРНИРИНДЕГІ СЫНДАРЛЫ ОЙЫН.....	28-29
AWS CLOUD CLUB ITU.....	30-31
ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК.....	32-33
«ДІЛМАР» КЛУБЫМЕН РУХАНИ КЕЗДЕСУ.....	34-35
WORLDQUANT МАНСАП МҮМКІНДІГІ.....	36-37
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУКӨПІРІ.....	38-39



# ХАТУ-ДА ТЕГІН КӨЗ ДИАГНОСТИКАСЫ ӨТТІ



Қазіргі таңда жастардың басым көпшілігі уақыттарының көп бөлігін компьютер, смартфон, планшет сияқты экрандарға қарап өткізеді.



Мұндай цифрлық құрылғылардың шамадан тыс қолданылуы көру мүшелеріне айтарлықтай зиян келтіріп, көздің шаршауына, көрудің әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

*Алматы қаласындағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде студенттер мен қызметкерлерге арналған маңызды әрі пайдалы шара өтті.*



Go Optic компаниясының бастамасымен университет қабырғасында тегін көз диагностикасы ұйымдастырылды.



Бұл акцияның басты мақсаты – жастар мен қызметкерлердің көру қабілетін дер кезінде тексеру арқылы олардың денсаулығына қамқорлық жасау және салауатты өмір салтын насихаттау.



Аталған аппарат көз қысымын, көру өткірлігін, аккомодация көрсеткіштерін және басқа да маңызды параметрлерді жылдам әрі дәл анықтай алады.



Бұл тексеріс арқасында көптеген студенттер алғаш рет көз дәрігерінің қарауында болып, өз көру жағдайлары туралы нақты ақпарат алды. Шара барысында кейбір қатысушыларға көру қабілетінің төмендегені анықталып, қосымша тексерілу немесе көзілдірік тағу қажеттігі туралы ұсыныстар берілді.



Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті студенттерге сапалы білім берумен қатар, олардың денсаулығына да басымдық береді.




Студенттер мен қызметкерлер мамандардан пайдалы кеңестер алып, көз күтіміне байланысты өз сұрақтарына кәсіби жауап алды.



Университет басшылығы алдағы уақытта да студенттер мен қызметкерлер үшін медициналық және профилактикалық бағыттағы шараларды жүйелі түрде ұйымдастыруды көздеп отыр.



Осы шара арқылы ХАТУ студенттері өз денсаулығына немқұрайлы қарамауға, көз күтіміне мән беруге және салауатты әдеттерді қалыптастыруға тағы бір нақты қадам жасады. Университет қабырғасында өткен бұл диагностика — тек тексеру ғана емес, жас ұрпақтың денсаулығына бағытталған қамқорлықтың жарқын көрінісі.



Қатысушылар бұл бастаманың маңыздылығын ерекше атап өтіп, Go Optic компаниясы мамандарына және ХАТУ әкімшілігіне ризашылықтарын білдірді.

# ШКІРТАЛАСТАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

12 қыркүйек күні ХАТУ-да студенттік ұйымдарының “Welcome day” жәрмеңкесі өтті. Соның ішінде “Debate club” ұйымы балмұздақ атанған студенттерге өз шығармашылық бастамаларымен таныстырды.




Аталған бұл ұйым 2011 жылдың 6 қарашасында Құралай Әбілғазинаның бастамасымен құрылып, студенттік өмірді жандандырып, турнирлерде үлкен жетістіктерге жетті.



Бұл шараның негізгі мақсаты – бірінші курс студенттерін университет қабырғасындағы түрлі ұйымдармен таныстыру арқылы олардың қызығушылықтарына сәйкес белсенді ортаға қосылуына жол ашу.



Дебат – тек пікірталас өнері ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлауды, дәлел келтіруді және қарсы пікірді құрметтеуді үйрететін мәдениет екендігі айтылды.



Кеш барысында студенттік клубтар өздерінің миссиясын және жеткен жетістіктерін көпшілікке таныстырды. Солардың ішінде ерекше назарға іліккен ұйымдардың бірі – “Debate club” болды. Бұл ұйым студенттердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыруға және көпшілік алдында еркін сөйлеуге бағытталған.

“Debate club” жетекшілері өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, ұйымның жұмыс барысы туралы ақпарат берді.



Дебат – тек пікірталас өнері ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлауды, дәлел келтіруді және қарсы пікірді құрметтеуді үйрететін мәдениет екендігі айтылды.



“Debate club”-тың жастары дебат ойындарының үлгісін көрсетіп, аудитория алдында шағын пікірталас ұйымдастырды. Бұл көрініс тыңдармандардың қызығушылығын арттырып, жаңа студенттердің назарын өздеріне аударды.

Бұл іс-шараға қатысқан студенттер көкейкесті сұрақтарын қойып, ұйым өкілдерімен тікелей пікір алмасты.



Оқытушы профессорлар студенттік ұйымдардың жұмысын жоғары бағалап, жастардың белсенділігіне қолдау көрсететінін жеткізді.



Сонымен қатар, ұйым алдағы жоспарларымен таныстырды.



Олар университет ішінде тұрақты турнирлер өткізу, қалалық және республикалық деңгейдегі дебат чемпионаттарына қатысу, сондай-ақ басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасуды мақсат ететінін мәлімдеді.



Бұл бастамалар студенттердің жан-жақты дамуына шабыт беретіні сөзсіз.



# UNION ТӘТТІ ЖӘРМЕҢКЕСІ

*Студенттік өмір – әрбір жас үшін тек білім алу кезеңі емес, ол жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын ерекше уақыт. Бұл кезең – өзіңді тануға, жаңа адамдармен танысуға, шығармашылық қабілеттеріңді көрсетуге және болашаққа сенімді қадам жасауға арналған шақ.*



Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің (ХАТУ немесе ІІТУ) студенттері осы мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, түрлі жобаларға қатысып, қоғамға өз үлесін қосып келеді.



Олардың ішінде ерекше орын алатын ұйымдардың бірі – Enactus ІІТУ. Бұл ұйым студенттердің идеяларын қолдап, оларды нақты жобаға айналдыруға жол ашатын алаң болып табылады. Enactus-тың басты миссиясы – жаңа буын көшбасшыларын тәрбиелеу.

Мұнда әр студент өзінің ортаға салып, бастамашыл болуды үйренеді. Ұйым тек білім алмасу кеңістігі емес, ол шынайы тәжірибе алаңы. Мұнда студенттер топ болып жобалар жасап, оларды жоспарлап, жүзеге асыруға мүмкіндік алады.



Enactus-тың мақсаты айқын – студенттерді әлеуметтік кәсіпкерлікке баулу және Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты дамудың 17 мақсатына үлес қосу.



Бұл бағытта көптеген жобалар іске асырылуда. Мысалы, студенттер экологиялық мәселелерді шешуге, білім беру сапасын арттыруға немесе әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмектесуге арналған бастамаларды қолға алады.



Әрбір жоба – жас көшбасшылардың ізденісінің, ынтымақтың және жауапкершілігінің айғағы.

Сонымен қатар, жастар өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдап, топта жұмыс істей білуді үйренеді. ІІТУ қабырғасындағы тағы бір мақтанш – «UNION» қайырымдылық клубы.



«Жақсылыққа инвестиция» ұранымен жұмыс істейтін бұл ұйым тұрақты түрде қоғамға пайда әкелетін іс-шаралар өткізеді.




«Өмір үшін кітап» акциясы арқылы студенттер балаларға арналған әдебиеттер жинап, оқу мәдениетін дамытуға үлес қосады.



«Тәтті жәрмеңке» кезінде өз қолдарымен пісірген тағамдарын сататын студенттер түскен қаражатты мұқтаж жандарға береді. Ал «Қайырымдылық аукционы» шығармашылықты дамытуға және көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беруге бағытталған. Осындай іс-шаралар студенттерге жанашырлықты, жауапкершілікті және командалық жұмыстың маңызын сездіреді.

# ANTEIKU – ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАР МЕКЕНІ

12 қыркүйек күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің Бас ғимараты аумағында дәстүрлі IITU Student Life Fair 2025 жәрмеңкесі ұйымдастырылды.




Бұл шара университет студенттері үшін жаңа оқу жылының ең жарқын бастамаларының бірі болып саналады. Жәрмеңке студенттік ұйымдардың қызметін кеңінен таныстыруға, жаңа мүшелерді тартуға және жастардың әлеуетін арттыруға бағытталды.



Жәрмеңке барысында шығармашылық, спорттық, ғылыми және мәдени бағыттағы ондаған клуб өздерінің қызметін ұсынды.



Әрбір студент жеке қызығушылығына сәйкес клубты таңдап, жаңа достар табуға мүмкіндік алды. Солардың ішінде ерекше қызығушылыққа ие болған ұйымдардың бірі – Anteiku клубы болды.



Anteiku клубы – жапон анимациясы мен гик-мәдениетіне қызығушылық танытатын студенттерге арналған кеңістік.



Клубтың басты мақсаты – аниме мен гик-мәдениетінің түрлі аспектілері төңірегінде жастарды біріктіру, оларды өз идеяларын еркін жеткізе алатын ортада дамыту.

Бұл клуб өз мүшелеріне тек ортақ тақырыптар төңірегінде пікір алмасу мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін дамытуға жол ашады.



Anteiku клубының аясында дубляж, сурет салу, фотошоп және бейнемонтаж бойынша арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады.



Мұндай бастамалар студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, кәсіби тұрғыдан жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.



Жалпы алғанда, IITU Student Life Fair 2025 университеттің студенттік өмірін жандандырып, жастарға шығармашылық әлеуетін көрсетуге, жаңа орталарға бейімделуге және болашаққа бағытталған маңызды бастамаларға қатысуға мүмкіндік берді.




## ХАТУ-ДАҒЫ ӘУЕН ЖӘНЕ ЭКО КОД ҰЙЫМДАРЫ:

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (МУИТ) белсенді жұмыс істейтін студенттік ұйымдардың бірі — «Әуен» және «Эко-код» клубтары.



Клубтың басты мақсаты – жастардың шығармашылық қабілетін дамыту, музыкалық мәдениетті насихаттау және университет өмірін мерекелік көңіл-күймен байыту.



Бұл екі ұйым да өз бағытында ерекше орын алады және студенттердің жан-жақты дамуына зор үлес қосып келеді.

«Әуен» клубы — өнер мен шабытты біріктіретін орта. Мұнда музыкалық таланттар, әншілер мен аспапта ойнайтын студенттер бас қосады.



«Әуен» клубы ұйымдастыратын концерттер мен кештер әрдайым жоғары деңгейде өтіп, студенттерге ерекше рух сыйлайды.



Бұл ұйым – сахна өнерін сүйетін және өз дарындарын өзгермен бөліскісі келетін жастардың мекені.



Ал «Эко-код» ұйымы — экологиялық мәдениет пен саналы технологияны ұштастыратын бастама.

Клуб мүшелері қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды қайта өңдеу, экожобалар жасау және экологиялық білімді насихаттау бағытында белсенді жұмыс істейді.



«Эко-код» студенттерге экологиялық жауапкершілікті арттырумен қатар, экотехнологиялар мен цифрлық шешімдерді қолдануды үйретеді.



Ұйым экологиялық акциялар, тал отырғызу, экоквесттер мен көрмелер өткізіп, университеттің экосана орталығына айналып отыр.



Бұл екі ұйымның да басты ұқсастығы — жастарды белсенділікке, шығармашылыққа және жауапкершілікке баулу.



«Әуен» рухани шабыт сыйласа, «Эко-код» — табиғатты қорғаудың маңызын ұғындырады. Бірі өнер арқылы, екіншісі экология мен инновация арқылы студенттік өмірге мән мен мазмұн береді.



ХАТУ қабырғасындағы бұл ұйымдар студенттердің дамуына серпін беріп, университеттің мәдени және әлеуметтік өмірін байыта түсуде.

# “БІЗБЕН БІРГЕ ТАУҒА ШЫҚ!”

14 қыркүйек күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Mountain kings» студенттік ұйымы Терра алаңы мен Үлкен Алматы көліне арнайы сапар ұйымдастырды.



Сапардың басты мақсаты — студенттердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, физикалық шынығу және тауғашық жандардың басын біріктіру болды.




Таңертеңгі уақытта университеттің алдына келіп жиналған көліктер Алматы қаласының шетіне қарай бағыт алды. Жол бойында қатысушылар жанға дауа әсем әуен тыңдап, сапардың бағдарламасымен танысты.



Терра алаңына келгенде студенттер қазақтың кең жайсаң даласы мен таудың арасындағы көк аспанды көріп тәнті болды.



Алаңда кішігірім жүгіру және тынығу жаттығулары ұйымдастырылып, барлығы демалып, табиғаттың таза ауасымен дем алды.



Көлге келгенде бәрінің көз алдында ашылған көгілдір су мен таудың әсем пейзажы кереметтей әсер қалдырды.

Сапар барысында олар шағын пикник жасап, дәмді ас әзірледі. Терра алаңынан әрі қарай жаяу жүріп, альпілік шөптер арасынан жол тартып Үлкен Алматы көліне жетті.



Ғылыми анықтамаларға сәйкес, Үлкен Алматы көлі теңіз деңгейінен шамамен 2511 метр биіктікте орналасқан.



Студенттер су түсінің өзгеруін, жылы күнде оның мөлдір көкшіл реңге ие болатынын байқады. Көптеген қатысушылар көл маңында фото және видео түсіріп, естелікке суреттерге түсті.



Сапар жетекшілері қауіпсіздік ережелерін ескертіп, бірнеше нұсқаулықтарды да айтып өтті.



Сапар соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдіріп, алған әсерлерімен бөлісті.

Ұйымдастырушылар «Mountain kings» болашақта да осындай экологиялық және спорттық бағыттағы іс-шараларды жиі өткізетіндігін айтып, қатысушыларға алғыс білдірді.



# IITU STUDENT DEBATE CUP I

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде жаңа оқу жылындағы алғашқы дебат турнирі өтті.



IITU Student Debate Cup I атауымен өткен сайысқа бірінші курс студенттері қатысып, өзара пікірталаста бақ сынады.

Сонымен қатар, турнир барысында төрешілер мен тәлімгерлер бірінші курс студенттерінің дайындық деңгейіне жоғары баға берді.

Турнир үш іріктеу кезеңінен тұрды.



Әр раундта қатысушылар аргументация, сыни ойлау және шешендік қабілеттерін көрсетті.

Финалда студенттер түрлі өзекті тақырыптарда пікір таластырып, көпшілік алдында ойды нақты жеткізу және өз ұстанымын қорғау шеберлігін паш етті.



**3 Место**  
**axis**  
 Мекемтас Ақниет, Сабырбаев Алишер  
 7 баллов, 386 спикерских

Турнирдің ұйымдастырушылары атап өткендей, мұндай жарыстар студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға, дәлелді сөйлеуге және кез келген аудитория алдында өз ойын еркін жеткізуге үйретеді.

Жеңімпаздар тізімі төмендегідей анықталды:

- Чемпиондар — «ОВАМА» командасы (Бериков Даниал, Жандарбек Шадиар)
- Күміс жүлде иегерлері — «Алаш Партия» командасы (Ирбаев Асылбек, Мурзатова Айша)



Алдағы уақытта дебат клубының мүшелері жаңа форматтар мен тақырыптарда пікірталастар ұйымдастырып, университеттің интеллектуалды өмірін жандандыруды көздеп отыр.



Жастар арасында кең таралған - укулеледе ойнап, ән шырқаған қатысушы, онымен тоқталмай, гитараның құлағында ойнайтынын көрсетті.



Турнир соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табысталып, ең белсенді дебатерлер арнайы алғыс хаттармен марапатталды.



- Қола жүлде иегерлері — «Axis» командасы (Мекемтас Ақниет, Сабырбаев Алишер)
- Финалдық төрттік — «Femida» командасы (Куралбек Томирис, Турғали Тамирлан)
- Арнайы номинация «Үздік спикер» — Куралбек Томирис



Бұл турнир бірінші курс студенттері үшін үлкен тәжірибе алаңы болды.



Дебат алаңында олар көшбасшылық, ораторлық және командада жұмыс істеу қабілеттерін дамытып, университет қабырғасындағы алғашқы маңызды жеңістеріне қол жеткізді.

# 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА СПОРТТЫҚ ЭСТАФЕТА ӨТТІ



Бұл іс-шара студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және командалық рухты нығайту мақсатында өткізілді.

2025 жылдың 19 қазанында ХАТУ-да мемлекеттік спорт күніне орай 1 курс студенттері арасында спорттық эстафета ұйымдастырылды.



Мемлекеттік спорт күні – еліміздегі спорты дамытуға арналған маңызды мереке және оған орай ұйымдастырылған іс-шаралар жастар арасында ерекше ықыласпен қарсы алынды. Бұл күні елдің түкпір-түкпірінде түрлі спорттық жарыстар, марафондар, волейбол, футбол және жеңіл атлетика сияқты спорт түрлерінен жарыстар өтті.

Атап айтқанда, SIRIUS, Ашық Жүрек, Shadows сияқты ұйымдардың өкілдері волонтер ретінде жұмыс істеп, іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.



Спорттық эстафетаны ұйымдастыруға университеттің белсенді волонтерлік ұйымдары атсалысты.



Бұл уақыт ішінде қатысушылар 6 түрлі спорттық ойынан өтіп, сондай-ақ бір шығармашылық өнер көрсету кезеңіне қатысты. Әрбір ойынның өзіндік ерекшеліктері бар еді және олар студенттердің физикалық дайындығы мен спорттық дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған. Спорттық эстафета 1 курс студенттеріне арнайы жасалған бағдарлама бойынша ұйымдастырылды.

Олар қатысушыларды тіркеуден бастап, жарыс барысында әділдік пен тәртіпті бақылауға дейінгі барлық жұмыстарды жауапкершілікпен орындады. Эстафета сағат 11:00-де басталып, 13:00-ге дейін жалғасты.



Бұл шара студенттердің университет өміріне тез бейімделуіне, жаңа достар табуына және командалық ынтымақтастықты қалыптастыруға үлкен ықпал етті. Сонымен қатар, бұл шара салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара болды. Осындай белсенді бастамалар жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.



Алдағы уақытта да ХАТУ спорттық іс-шараларды дәстүрлі түрде өткізіп, жастардың спортпен айналысуына барынша қолдау көрсетуге ұмтылады.

ХАТУ-да өткізілген мемлекеттік спорт күніне арналған спорттық эстафета студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың денсаулығын нығайтуға және рухани дамуына септігін тигізді. Университеттің белсенді волонтерлік ұйымдарының қолдауымен ұйымдастырылған бұл шара жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, командалық рухты қалыптастырды.



# АНТЕЙКУ КЛУБЫНА ІРІКТЕУ

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (Хату) студенттік «Антейку» клубына іріктеу сәтті аяқталды.



Бұл оқиға университеттегі белсенді жастар өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болды.



Себебі «Антейку» клубы шығармашылық, бастамашыл және өз ойын еркін жеткізе алатын студенттерді біріктіретін ең танымал және белсенді ұйымдардың бірі саналады.



«Антейку» клубының басты мақсаты – студенттердің жеке қабілеттерін ашу, көшбасшылық пен шығармашылық қасиеттерін дамыту, сонымен қатар университеттің мәдени және әлеуметтік өмірін жандандыру.

Мұнда әрбір студент өз идеясын жүзеге асырып, түрлі бағыттарда дамуға мүмкіндік алады: медиа, журналистика, дизайн, іс-шара ұйымдастыру және әлеуметтік жобалармен айналысу.



Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрды: анкета толтыру, сұхбат және жеке қасиеттерді көрсету.



Таңдау барысында креативтілік, бастамашылдық, жауапкершілік пен ынтаға ерекше назар аударылды.



Әрбір үміткер өз белсенділігін, жауапкершілігін және командамен жұмыс істей алу қабілетін көрсетуге мүмкіндік алды.



Бүгінде «Антейку» – бұл жай ғана клуб емес, ол – бір мақсатқа біріктірілген, достық пен шығармашылық рухты жоғары қоятын үлкен отбасы.



Клуб мүшелерінің арқасында университет өмірі одан әрі қызықты, мазмұнды және жарқын бола түсуде.



Алда оларды жаңа жетістіктер, әсерлі оқиғалар мен табысты жобалар күтіп тұр.



Іріктеуден өткен жаңа қатысушылар енді осы ұжымның бір бөлігіне айналып, жаңа жобаларда өз қабілеттерін көрсете алады, тәжірибе жинап, университеттің дамуына өз үлесін қосады.

# «TECH FOR KAZAKHSTAN»: ХАТУ СТУДЕНТТЕРІ ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРМЕН ТАНЫСТЫ



Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университетінде «Tech for Kazakhstan» атты кәсіби бағдар беру іс-шарасы өтті. Бұл шара еліміздің IT саласына қызығушылық танытқан жастар үшін маңызды алаңға айналды.



Шара барысында қатысушылар елдегі цифрландыру үрдістері, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және бағдарламалау салаларындағы жаңа мүмкіндіктер жайында құнды ақпарат алды.



Іс-шараға университеттің студенттері, оқытушылары және серіктес IT компаниясының өкілдері қатысты.



Мұндай формат қатысушыларға білім мен тәжірибе алмасуға кең мүмкіндік берді.



Кездесудің басты мақсаты — жастарды заманауи технология саласындағы соңғы жаңалықтармен таныстыру және Қазақстандағы IT-индустрияның даму бағыттарын көрсету болды.



Компания өкілдері студенттерге арнайы дайындалған тестілер мен шағын тапсырмалар ұсынып, олардың логикалық ойлау қабілетін және кәсіби біліктілігін бағалауға мүмкіндік жасады.



Ол табысты маман болу үшін тек техникалық дағдылар ғана емес, сонымен қатар үздіксіз оқу, командалық жұмыс және шығармашылық ойлау маңызды екенін атап өтті.



Сондай-ақ компанияның оқытушы-тәжірибешісі өз мансап жолы мен жұмыс тәжірибесі туралы айтып, студенттерге кәсіби даму бағытында пайдалы кеңестер берді.



«Tech for Kazakhstan» шарасы студенттерге кәсіби ортаға жақындай түсуге және өз болашағын цифрлық Қазақстанмен байланыстырудың нақты қадамдарын көруге мүмкіндік берді.

Шара барысында студенттер өздерін аналитикалық ойлау жағынан да сынап, сынақтардан сүрінбей өтті.



Бұл тәжірибелік бөлім студенттерге өз білім деңгейін нақты жағдайда сынап көруге және IT нарығының талаптарын жақсырақ түсінуге көмектесті.



# КҮЗГІ СЕНБІЛІК: БІРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ



Сенбілікке университеттің студенттері, оқытушылары және қызметкерлері түгелге жуық атсалысты. Әрбір қатысушы өз үлесін қосуға тырысып, ортақ мақсат жолында біріге әрекет етті.



26 қыркүйек күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде дәстүрлі күзгі сенбілік өтті. Бұл игі шара университет ұжымының бірлігі мен белсенділігін айқындайтын маңызды күндердің бірі болды.



Іс-шараның басты мақсаты — оқу ордасының аумағын тазарту, абаттандыру және экологиялық мәдениетті насихаттау болды.



Көпшілік үшін бұл тек еңбек күні ғана емес, бір-бірімен жақынырақ араласуға, жаңа таныстар табуға және ұжымдық рухты сезінуге тамаша мүмкіндік болды.

Сенбілік барысында қатысушылар жиналған жапырақтарды сыпырып, ағаштардың түбін қосытып, гүлзарларды ретке келтірді. Университет маңы айтарлықтай тазарды және одан сайын көркейе түсті.



Сенбілік барысында барлық қатысушылар көтеріңкі көңіл күймен еңбек етті. Күннің жылы шуағы мен достық атмосфера іс-шараны ерекше әсерлі етті. Бірі күрек ұстап ағаш отырғызса, енді бірі қоқыс дорнасын тасып жүрді. Оқытушылар студенттерге үлгі болып, өздері де белсене жұмыс істеді.

Кейбір топтар фото және бейнежазба түсіріп, сол сәттерді естелікке қалдырды. Бұл шара тек тазалық жұмысы емес, шынайы командалық рухтың көрінісі болды. Студенттер арасында “бірлікте – береке” ұғымы нақты іс арқылы сезілді. Осындай ортақ еңбек сәттері университет қауымдастығын бұрынғыдан да жақындата түсті.



Университет аумағының таза әрі жайлы болуы – бүкіл ұжымның ортақ еңбегінің нәтижесі. Әр қатысушының еңбегі мен ықыласы оқу орнының көркеюіне тікелей әсер етті.



Әсіресе студенттер мен оқытушылардың бірлесіп жұмыс істеуі өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтты.

Олар студенттерге табиғатты қорғаудың, экологиялық мәдениетті сақтаудың және қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызын түсіндірді.



Іс-шара соңында оқытушылар атап өткендей, мұндай сенбіліктер тек тазалық үшін ғана емес, адамдарды бір мақсатқа біріктіру және ортақ жауапкершілікті қалыптастыру үшін маңызды.

# ҰЛТТЫҚ ҚОР - ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ


30 қыркүйек күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде «ОТБАСЫ БАНК» ұлттық қорының мамандары студенттерге арналған ақпараттық іс-шара ұйымдастырды.



Жиын барысында қордың басты қызметкерлері жинақтық депозиттердің артықшылықтары мен ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлаудағы рөліне тоқталды.



Университет аудиториясында стендтер орнатылып, студенттерге жеке консультациялар өткізілді. Әрбір студентке ақпараттық буклеттер таратылды.



Іс-шараның екінші бөлімі сауалнама жүргізуге арналды, оның мақсаты — студенттердің қаржылық әдеттері мен талаптарын анықтау болды.



Іс-шараның негізгі мақсаты — студенттер арасында жинақ шоттарын ашу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және олардың қаржылық сауаттылығын арттыру болды.

Ұйымдастырушылар іс-шараны университеттің басты ғимаратында өткізіп, оған әр түрлі факультеттерден көптеген студенттер қатысты.



Сонымен бірге студенттерге жинақ шотын ашу тәртібі, қажетті құжаттар тізімі және электрондық жүйе арқылы тіркелу жөнінде нақты нұсқаулық берілді.



Шара барысында сұрақ-жауап форматы ұйымдастырылып, студенттер өздерін қызықтырған мәселелер бойынша толыққанды жауап алды.



Оқытушылар мұндай ақпараттық науқандар студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.



Сауалнама қатысушыларына жинақ шоттарын ашуға қатысты пікірлері, қор туралы білгендері және қандай кедергілер бар екені туралы сұрақтар қойылды.



Басты назар аударылған тақырыптардың бірі — электронды қызметтер мен мобильдік қосымша арқылы есепшот ашу болды.



Сонымен қатар, студенттерге арналған арнайы жеңілдіктер туралы мәліметтер де ұсынылды. Оқытушылар мұндай ақпараттық науқандар студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.



Ұйымдастырушылар демонстрациялық көрсетілім арқылы мобильдік платформаның интерфейсін қадам-қадаммен ашып көрсетті.

# “LEVEL UP: GLOBAL EDUCATION”

Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университетінде (ХАТУ) студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған “Level Up: Global Education” атты мотивациялық кездесу өтті.



Кездесудің басты мақсаты — жастарды уақытты тиімді басқаруға, өзін-өзі дамытуға және халықаралық білім беру мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға ынталандыру болды.

Шараны ITU Global Education орталығы ұйымдастырып, оған университеттің белсенді студенттері мен оқытушылары қатысты.



Алғашқы спикер Анастасия Уразаева студенттерге арналған “Тайм-менеджмент” тақырыбында мотивациялық сессия өткізді.

Бағдарлама мазмұны өте бай әрі пайдалы болды: спикерлер студенттерге арналған тайм-менеджмент тәсілдерін, шетелдік қосымша білім беру платформалары мен микрооқыту жүйесінің артықшылықтарын түсіндірді.



Екінші спикер Жанат Қабылбекова шетелдік және онлайн білім беру мүмкіндіктері, микрооқыту жүйесі және қосымша квалификация алудың маңызы туралы баяндама жасады.




Кездесудің соңғы бөлімінде Дамирхан Нұрмаған “Студенттік стартаптар және Тұрақты даму мақсаттары (ЦУР)” тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.



Ол инновациялық ойлау мен әлеуметтік жауапкершілікке негізделген жобалардың жастарға қандай мүмкіндік беретінін атап өтті.

Шара соңында студенттер өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты.



Ол оқу, жұмыс және жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың тиімді әдістерімен бөлісті.

Көптеген қатысушылар үшін бұл кездесу жаңа идеялар мен шабыттың көзі болды. Мұндай бастамалар студенттердің әлемдік деңгейде ойлап, өз қабілеттерін дамытуына жол ашады.



“Level Up: Global Education” кездесуі – ХАТУ студенттеріне жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби өсу жолында бағытбағдар берген маңызды шара болды.



# ШАХМАТ ТУРНИРИНДЕГІ СЫНДАРЛЫ ОЙЫН

2025 жылдың 3 қазанында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (ХАТУ) студенттер арасында дәстүрлі шахмат турнирі өтті.




Бұл зияткерлік жарыс университеттегі студенттердің логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, олардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға және интеллектуалды мәдениетті дәріптеуге бағытталды.

Іс-шараны университеттің Студенттік істер департаменті мен Жастар ісі жөніндегі комитеті бірлесе ұйымдастырды.



Ойындар швейцар жүйесі бойынша өткізіліп, әр қатысушыға қарсыластарымен бірнеше партия ойнау мүмкіндігі берілді.



Турнирге әртүрлі факультеттер мен мамандықтардан ондаған студент қатысып, өзара жоғары деңгейдегі ойын көрсетті. Қатысушылардың арасында шахматқа қызығушылығы бар тәжірибелі ойыншылар да, алғаш рет жарысқа қатысқан студенттер де болды.

Әсіресе соңғы кезеңдерде ойыншылардың тактикалық дайындықтары мен жылдам ойлау қабілеттері айқын көрінді.



Турнир соңында төрешілердің шешімімен жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Турнир барысында аудитория ерекше тыныштық пен шоғырлану атмосферасына толы болды — әрбір жүріс мұқият есептеліп, қарсыластың жоспары алдын ала болжанып отырды.



Көрермендер ойын барысын қызығушылықпен бақылап, кей сәттерде нағыз шахматтық тартыстың куәсі болды.



Кейбір партиялар бірнеше минутта шешілсе, енді біреулері ұзаққа созылып, ойыншылардан төзім мен назарды барынша талап етті.



Оларға арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар, ерекше ойын мәнері мен стратегиялық ойлау қабілеті үшін бірнеше қатысушы алғыс хаттармен марапатталды.

Шара соңында ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар студенттердің тек логикалық ойлауын ғана емес, сонымен қатар табандылық, шыдамдылық және әділ бәсекелестік қасиеттерін қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын атап өтті.

# AWS CLOUD CLUB IITU

6 қазан күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (ИТУ) AWS Cloud Club ИТУ ұйымы өздерінің алғашқы іс-шарасын — “Introduction to the Cloud” ивентін өткізді. Бұл — Орталық Азиядағы алғашқы ресми AWS Cloud Club-тың бастамасы болды.



Іс-шара барысында Талғат Нұрлыбаев (ИТУ оқытушысы) бұлтты технологияларға қатысты пайдалы ресурстармен бөліссе, Амирхан Оразбай (Cloudy инженері) студенттік шақтан кәсіби мамандыққа дейінгі жолын баяндады.



Көпшілігі үшін бұл іс-шара — жаңа білім алумен қатар, өзара байланыс орнатып, болашақ жобаларға серіктес табуға мүмкіндік берген маңызды алаң болды.



Кездесу соңында қатысушылар сұрақтар қойып, спикерлерден кәсіби кеңес алды.

Ал клуб жетекшісі Андрей Агафонов AWS Cloud Club бағыттарын таныстырып, қатысушыларға AWS қызметтерінің негізін көрсетті.



Демо-сессия кезінде қатысушылар AWS Management Console арқылы бұлтты ресурстарды басқаруды тәжірибе жүзінде көрді.



Сонымен қатар, спикерлер заманауи IT-нарықтағы трендтер мен бұлтты технологиялардың мамандар үшін ашатын жаңа мүмкіндіктері туралы айтты.



Кездесу соңында қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, клубтың алдағы іс-шараларына қатысуға қызығушылық танытты. Көптеген студенттер үшін бұл — бұлтты технологиялар әлеміне алғашқы нақты қадам болды.



AWS Cloud Club ИТУ командасы алдағы уақытта тұрақты воркшоптар, тренингтер мен хакатондар ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Ұйым мүшелерінің айтуынша, басты мақсат — студенттерді бұлтты технологиялар саласында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыру және университет ішінде инновациялық орта құру.



Клубтың басты мақсаты — студенттерге AWS технологияларын үйретіп, кәсіби дағдыларын дамыту және мықты IT-комьюнити қалыптастыру. Іс-шара достық әрі танымдық атмосферада өтті. Қатысушылар тек теориялық мәліметтермен шектелмеді, өздерін практикада сынап көрді.



“Introduction to the Cloud” ивенті — осы жолдағы алғашқы үлкен қадам болды. Клубтың бастамасы студенттерге жаңа бағыттағы білім есігін ашып, ИТУ қауымдастығында технологиялық серпілістің бастауына айналды.

# ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

2025 жылғы 7 қазанда Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде университеттің психологиялық қызметі мен Халықаралық бизнес университетінің психолог-практиканттарының елеулі кездесуі өтті.



Бұл шара жоғары оқу орындары арасындағы тәжірибе алмасу мен болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатындағы маңызды алаңға айналды.



ХАТУ психологтары бірінші курстың адаптация кезеңін жеңілдететін бағдарлама — танысу тренингтері, студенттік кеңесшілер тобы, және оқыту ортасын қолдайтын психологиялық тренингтердің құрылымын бөлісті.



Әріптестер студенттерге жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған кешенді бағдарламалардың тиімділігін нақты жағдайлар арқылы көрсетті.



Іс-шарада бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнындағы бейімделу ерекшеліктері басты назарда болды.



Бұл тәжірибелер студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, академиялық нәтижелерді жақсартуға және жалпы психологиялық әл-ауқатын қолдауға септігін тигізетіні атап өтілді.



Кездесудің нәтижесінде ХАТУ психологиялық қызметі мен UIB студент-психологтары арасында тұрақты серіктестік құрылысын бастау туралы келісімге келді.



Кездесуге психологиялық қызмет мамандары, UIB студент-психологтары және ХАТУ студенттері қатысып, университеттік ортада психологиялық қолдауды ұйымдастыру мәселелерін, жастармен тиімді жұмыс әдістерін жан-жақты талқылады.



Қатысушылар жаңадан түсушілердің психологиялық күйін, әлеуметтік интеграциясы мен оқу процесіне бейімделуінде жиі кездесетін қиындықтарды талдап, оларды алдын алу бағытындағы тиімді шараларды ұсынды.



Бұл бастама университеттегі жалпы әл-ауқатты жақсартуға және жастардың оқу ортамен үйлесімді интеграциялануына нақты әрі тұрақты қолдау болып табылатындығына сенім мол.




Психолог-практиканттар клиникалық жағдайларды талдау, әріптестер арасында супервизия өткізу және тәжірибелік жаттығулар арқылы дағдыларын жетілдіру мүмкіндігін алды.

# «ДІЛМАР» КЛУБЫМЕН РУХАНИ КЕЗДЕСУ

ХАТУ-да ерекше рух пен шабытқа толы мәдени-танымдық кездесу өтті.



Бұл кездесудің басты қонақтары — шешендік өнерді насихаттап жүрген «Ділмар» клубының мүшелері мен Абай атындағы ұлттық мемлекеттік мектептің оқушылары болды.



Шараның негізгі мақсаты — қазақ халқының бай шешендік дәстүрін жаңғырту, жастардың тіл мәдениетін арттыру және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін ояту.




Ұлттық өнер арқылы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, сөз саптау мен ойды еркін жеткізу дағдыларын дамыту — бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі екені атап өтілді.



Осындай кездесулер жастардың өзін-өзі дамытуына, шығармашылықпен айналысуына және ұлттық мәдениетке терең бойлауына үлкен мүмкіндік береді.



Кездесу барысында қатысушылар қазақ шешендігінің терең тамырларына бойлап, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының өнегелі өлеңдері мен даналыққа толы қара сөздерін тебірене оқыды.



Рухани кешті көркем музыкалық шығармалар мен күй өнері әрледі.



Шешен сөз — ұлттың айнасы, ал оны дәріптеу — келешек ұрпақтың саналы, парасатты және рухани бай болып өсуіне жол ашады. ХАТУ қабырғасында өткен бұл мазмұнды кездесу — соның айқын дәлелі.



Осындай кездесулер жастардың өзін-өзі дамытуына, шығармашылықпен айналысуына және ұлттық мәдениетке терең бойлауына үлкен мүмкіндік береді.



Әсем күйлер мен мағыналы сөздер тыңдаушылардың жүрегіне жетіп, рухани байлық сыйлады. Іс-шарада сөз сөйлеген қатысушылар шешендік өнердің қазіргі қоғамдағы маңыздылығына тоқталып, оның жастар тәрбиесіндегі орны туралы ой бөлісті.



Сонымен қатар, университет пен мектеп арасындағы рухани байланыстарды нығайтып, бірлескен жобаларға жол ашады.



# WORLDQUANT МАНСАП МҮМКІНДІГІ



Бүгін Мансап орталығы студенттер мен түлектер үшін маңызды әрі пайдалы іс-шара — халықаралық WorldQuant компаниясымен кездесу ұйымдастырды.



Бұл шараның басты мақсаты — жастарды қаржы, инвестиция және деректер ғылымы саласындағы жаңа мүмкіндіктермен таныстыру болды.

WorldQuant — 2007 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында құрылған халықаралық компания. Бүгінде ол әлемнің 15-тен астам елінде өз кеңселерін ашқан.



Компания бөлімшелері Ұлыбритания, Франция, Швейцария, Венгрия, Армения, Израиль, БАӘ, Қытай, Үндістан, Вьетнам, Сингапур, Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань және басқа да мемлекеттерде орналаcқан.



Мұндай кең халықаралық желі компанияның жаһандық деңгейде жұмыс істейтінін және инвестициялық зерттеу саласында көшбасшы екенін дәлелдейді.



Компанияның негізгі бағыты — деректерді талдау, машиналық оқыту және математикалық модельдеу әдістерін пайдалана отырып, алгоритмдік инвестициялық стратегиялар әзірлеу.




Яғни, WorldQuant әлемдік нарықтағы үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, соның негізінде тиімді инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретін интеллектуалды жүйелер жасайды.



Сондай-ақ қатысушыларға компанияның ақылы тағылымдама бағдарламасы таныстырылды.



Бұл кездесу жастардың болашаққа деген сенімін арттырып, оларға жаһандық қаржы мен технология әлеміне жол ашты.



Кездесу барысында компания өкілдері студенттерге ұйымның қызметі, миссиясы және негізгі мақсаттары жайлы толық ақпарат ұсынды.



Тәжірибе төлемі 1500 АҚШ долларынан бастап белгіленген.



Бағдарлама жастарға тәжірибе жинауға, аналитикалық және техникалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

# ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ КӨПІРІ



2025 жылдың 22 қазаны Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ) ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңызды оқиганың орталығы болды. Бұл күні Қазақстанның жетекші ІТ-университеті Қытай Халық Республикасының білім беру саласындағы айтулы делегациясын салтанатты түрде қарсы алды.



Делегация құрамына Beijing Weso ұйымының өкілдері, сондай-ақ Пекин қалалық білім беру комиссиясы мен Пекин халықаралық білім алмасу орталығының (Beijing International Education Exchange Center) қолдауымен келген тоғыз ірі жоғары оқу орнының басшылығы кірді.



Бұл кездесу екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңін айқындап, ақпараттық технологиялар мен инновациялар саласындағы тығыз байланыстарды нығайтуға бағытталды. Кездесудің басты мақсаты — өзара тиімді ынтымақтастықтың жол картасын құру және білім беру жүйесіндегі тәжірибелермен алмасу болды.



ХАТУ-дың ректорлар кеңесі мен профессорлық-оқытушылар құрамы қатысқан жиынға Пекиннің экономика, қаржы, ауыл шаруашылығы, теміржол және жаратылыстану ғылымдары сияқты әртүрлі бағыттардағы әлемдік деңгейдегі зерттеу орталықтары болып табылатын тоғыз университеттің өкілдері келді.



Олар:  
 -Renmin University of China  
 -China Agricultural University  
 -Beijing Jiaotong University  
 -Beijing Forestry University  
 -Beijing Foreign Studies University  
 -Central University of Finance and Economics  
 -China University of Geosciences (Beijing)  
 -Beihang University  
 -Beijing College of Finance and Commerce



Бұл университеттердің алуан түрлілігі ынтымақтастық саласының тек ІТ-мен шектелмей, сонымен қатар қаржылық технологиялар (FinTech), агро-ІТ және жасыл технологиялар сияқты кешенді бағыттарды қамтитынын көрсетті. Академиялық ұтқырлық және біліктілікті арттыру: басты назардағы мәселе Келіссөздер барысында тараптардың ең көп талқылаған мәселесі — академиялық ұтқырлық бағдарламаларын барынша жеңілдетіп, қолжетімді ету болды.

ХАТУ басшылығы қазақстандық студенттердің Қытайдың осы жетекші жоғары оқу орындарында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді оқудан өту мүмкіндіктерін арттырудың маңыздылығын атап өтті.



Бұл студенттерге жаһандық жинақтауға, қытайлық мәдениетпен танысуға және инновациялық ортада қалыптасуға мүмкіндік береді.



Кездесу өте нәтижелі және конструктивті өтті. Тараптардың барлығы да аталған бағыттар бойынша ынтымақтастықты тереңдетуге және жаңа деңгейге көтеруге дайын екендіктерін білдірді. Жақын арада ынтымақтастық туралы меморандумдарға (MOU) қол қойылып, пилоттық академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске қосу жоспарланған.



Сондай-ақ, оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, бірлескен дәрістер циклін өткізу және оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша келісімдер жасалды. Бұл бағыттағы ынтымақтастық университеттің академиялық әлеуетін арттырып қана қоймай, студенттердің сапалы әрі заманауи білім алуына жол ашады.



# АВТОРЛАРЫ



**Индира  
ТАЛҒАТҚЫЗЫ**




**Шырын  
БАТАЕВА**



**Аружан  
МУХАМЕДЖАНОВА**



**Айдос  
КЕНЕС**



**Марал  
ҰЗАҚБАЙ**



**Құралай  
КЕҢШЛІКОВА**



**Фариза  
ЖҰМАҒАЛИ**



**Айгерим  
ДИМЕУ**



**Аяна  
АСАНОВА**

# 2025